

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 3 (2020)**  
**Павлодар**

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## Филологическая серия

выходит 4 раза в год

---

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

## Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

---

## Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

## Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ILQX7964>

**<sup>1</sup>Г. Қ. Рысбаева, <sup>2</sup>Р. А. Досжан, <sup>3</sup>Ж. Т. Исаева,**

**<sup>4</sup>Ғ. Ж. Тунгушбаева, <sup>5</sup>С. А. Алиева**

<sup>1</sup>Нұр-Мұбарак университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>2</sup>Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті,;

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;

<sup>3</sup>С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>4</sup>Каспий қоғамдық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>5</sup>М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **«ЖАРАТУШЫ КҮШТЕР» КОНЦЕПТІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫМДАР**

Бұл мақалада «Жаратушы күштер» концептісіне қатысты культ лексемасын қамтитын сөздердің лексикографиялық сипаттамасы қарастырылады. «Құдай, Алла, Тәңірі, Құдірет, Хақ, Раббы, Жаппар, Жасаған, Жаратқан, Ием» және т.б. культ концептісінің жан-жақты қырларын, семантикасын, олардың бейнелік мағыналарын ашуға және әр лексеманың уақыт ағымындағы мағыналық өзгерістерін анықтауға жол ашады. Қазақ, қырғыз және татар-түрік тілдеріндегі аномастикалық лексикада «Құдай, Алла, Жаратушы» деген атпен байланысты лексемалар бар. Егер тілдік санада бейнелі компоненттердің діни лексемасы үйлесімді болса, онда ұлттың танымындағы символикалық бөліктерде әр халықтың танымында өзіндік ерекшеліктері байқалды.

Кілтті сөздер: жаратушы күштер, концепт, Құдай, Алла, Тәңірі, Құдірет, Хақ, Раббы, Жаппар, Жасаған, Жаратқан, Ием, ономастика, антропонимдер, культтік лексемалар, діни идиомалар.

### **Кіріспе**

Қазіргі тіл білімінің антропология, психология, философия, логика, мифология, этнография, т.б. салаларымен тығыз байланыста зерттелуі нәтижесінде танылып, ашылып отырған түркі тілдеріндегі культтік фразеологизмдердің мағынасын түрлі аспектіде қарастыру – жаңаша

көзқарастың дәлелі. Тіл білімінде тілді ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Тілдегі әртүрлі бірліктер арқылы халықтың өмір сүру тәжірибесі мен салт-санасынан, әдет-ғұрыптарынан, тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан, наным-сенімдерінен хабардар болуға болады.

«Жаратушы күштер» концептісі қандай да болмасын халықтың рухани-мәдени концептілер жүйесінде өзіндік орны бар концептілерінің бірі. Рухани мәдениет адамдардың қоршаған дүниеге көзқарасы, діни танымы, наным-сенімі, мінез-құлқы, қабілеті т.б. ұғымдар арқылы танылады. «Жаратушы күштер» яғни культ өзінің абстракциялы сипаттамасы бойынша өте күрделі. Культтік лексиканы зерттеу - дінді зерттеу емес, ол тіл арқылы халықтың ертедегі рухани байлығын, рухани-мәдени өмірін, дүниетанымдық болмысын, наным-сенімін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жан-жақты қарастыру, байымдау болып табылады. Культтік атаулар – кез келген халықтың тілінен орын алған ауқымы кең этнолексикалық қабатты құрайды. «Жаратушы күштер» концептісінің жан-жақты қырларын сан алуан лексикографиялық дереккөздер талпыныс жасайды. Лексикографиялық деректер культ концептісінің тілдік репрезентанттары түрлерінің семантикасын, олардың бейнелік мағыналарын ашуға және әр лексеманың уақыт ағымындағы мағыналық өзгерістерін анықтауға жол ашады. «Жаратушы күштер» концептісіне қатысты культ лексемасын камтитын сөздердің лексикографиялық сипаттамасы қарастырылады.

**Зерттеудің нысаны:** Культке қатысты атаулар, культтік фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер, халық ұғымында қалыптасқан ұғым-түсініктерді көрсететін, қазіргі көркем мәтіндерде көрініс тапқан мифологиялық, сакральды жүйелердегі, т.б. «культ» концептісінің тілдік репрезентанттарының ұлттық-танымдық мәні мен олардың түркі тілдеріндегі соның ішінде қазақ, қырғыз, өзбек тілдеріндегі қолданыс ерекшеліктері этнолингвистикалық және этномәдени негізі. Біздің зерттеу аспектіміз – дүниетанымдық тіл білімі.

Зерттеу пәні – культтік ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің, культтік фразеологизмдердің құрылымдық ерекшеліктері мен этнолингвистикалық сипаты.

**Мақсаты:** Тіліміздегі культке қатысты атаулар, терминдер, лексика-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдердің қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасын ғана емес, сонымен қатар сол мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан уәждерін анықтау жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Жұмыстың негізгі мақсаты – түркі тілдеріндегі бірліктер культ концептісін танытатын тілдік бірліктер жүйесін зерттеу.

**Міндеттері:**

- жаратушы күштерге қатысты культтік ұғымды білдіретін тілдік бірліктердің лексикографиялық дефиницияларын талдау және түркі тілдеріндегі культтік ұғымдағы лексемалардың лексика-семантикалық өрісін және оның кеңею үдерісін көрсету;

- культтік фразеологизмдердің адам санасында бейнеленген тілдік, құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жүргізіп, ұлттық-мәдени және танымдық сипатын ашу;

- «Жаратушы күштер» концептілерінің лингвокогнитивтік құрылымын анықтау.

«Культ» ұғымы қазақ және қырғыз этникалық мәдениеттері үшін әмбебап категория болып табыла отырып, мағыналық және басқа компоненттерінде көрінетін өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен өзгешеленеді.

Лексикографиялық дереккөздерде тіркелген мағыналарынан байқағанымыздай, аталмыш ұғым қазақ және қырғыз халықтары үшін жоғары дәрежелі абстракциясы бар ұғымдарға жатады. Жоғарыдағы деректер бойынша культ лексемасының тіркелген мағыналарынан абстракттілі, материалдық емес, бір затты құрметтеуге, киелі заттарға табынуға, жаратушы күштерге сыйынуға, жалбарынуға, діни наным-сенімдерге, қатыстылық т.б. ақпараттық, бөліктерін бағамдауға болады. Сондықтан түркі тілдеріндегі (қазақ, қырғыз) аталмыш сөздіктерден алынған культ лексемасы түсіндірмелерінің барлығы бұл тілдердегі аталған концептінің ұғымдық аясын, қабатын кұрайтын ерекшеліктерін байқауға болады..

Сөздіктерде берілген мағыналарды жинастырсақ, аталмыш лексеманың мынадай танымдық мағыналарын тіркеуге болады. «Культ» лексемасы «сыйыну», «жалбарыну», «табыну», «құрметтеу» сияқты етістіктер төңірегінде топтастырылған кең ұғым, культ дәстүрлі діндердің, діни наным-сенімдердің әдет-ғұрыптық жағы, дәлірек айтсақ, культ – діннің әдет-ғұрыптық жағы (кұрбандық шалу, тасаттық беру, намаз оқу, ораза ұстау, құрбан айт өткізу); осы әдет-ғұрыптарды өткізу кезінде қолданылатын құралдар (Құран, жайнамаз, тасбих, садақа, діни адамдардың киімдері, т.б.) төңірегіндегі ұғымдар.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Зерттеудің нәтижесі бойынша «Жаратушы күштер» ұғымының тілдік ішкі құрылымында Сыйыну → Жалбарыну → Бас ию→ Табыну → Құрметтеу лексемалары өмір сүреді. «Жаратушы күштер» концептісі – көзге көрінбейтін, бүкіл әлемді жаратушы, жарылқаушы ерекше күштер. Ұлттың ерекше дүниетанымды, рухани өмірді әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан түсінуде басты компонент болып табылатын концептінің басты белгілерінің бірі - оның мәдени ренге, бояуға ие болуы. Жаратушы күштер

құрметіне құрбандық шалу, пітір-садақа беру, құдайы беру, Қағбаға бару, тасаттық беру, намаз оқу, ораза ұстау, құрбан айт өткізу, т.б. концептуалды фреймдердің жүйесінен тұрады.

«Жаратушы күштер» концептісінің семантикалық өрісі «Құдай», «Алла», «Тәңірі» және «Құдірет», «Хақ», «Раббы», «Жаппар», «Жасаған», «Жаратқан», «Ием», т.б. лексемалардан тұрады.

«Жаратушы күштер» концептісімен байланысты тілдік құрылым бір күннің жемісі емес, ғасырлар бойы жасалып, өшпей, ұмытылмай, өз мәні мен күшін жоймай бүгінге дейін келіп отыр. Бұл ұғымның ұлттық санамызда белгілі, анық тұстарына қарағанда тылсым, жасырын тұстары көп.

«Жаратушы күштер» концептісінің бірі - Құдай сөзінің синонимі ақ сөзі кейбір түркі тілдерінде «құдай» деген мағынаны білдіреді [1, 16 б.]. Ескі діни ұғым бойынша ақ сөзінен «киелі», «қасиетті» ұғымның нышаны байқалады. Л. З. Рүстемовтың сөздігінде: ақ сөзін кірме, араб тілінің «һәкк» сөзі: 1. құқық; 2. әділдік; шындық; 3. міндет; парыз, міндет; 4. құдай деген мағына білдіреді [2, 21 б.]. Қазақ тіліндегі сөздікте: Құдай – бүкіл ғаламды жаратушы, оны билеп төстеуші, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленеді; алла тағала, тәңір, жаратушы [3, 424 б.]. Парсы тіліндегі сөздікте: Құдай: Ходан – құдай [4, 425 б.]. Қырғыз тіліндегі сөздікте: Кудай (бог): Кудай, тенигр, алда. Қандай экенин кудай билет – қандай экенин құдай біледі; аны кудай билет – оны құдай біледі; кудай сақтасын – құдай сақтасын; кудайға шүкур - құдайға шүкір [5, 52 б.]. Өзбек тіліндегі сөздікте: Худо (бог): Худо, тангри, оллох. Худо берсин – құдай берсін; Худо ярлақасын – құдай жарылқасын; Худо хохласа – құдай қолдаса [6, 77 б.]. Татар тіліндегі сөздікте: Ходай (бог): Алла, худой, тәңре. Алла белсен – алла білсін; Алла сақласын – алла сақтасын; Алла шөкер! – алла шүкір! [7, 42 б.].

Құдай сөзі түркі халықтарында әр түрлі айтылғанымен, мағынасы бірдей. Құдай сөзі – қырғызша – «қудай», өзбекше – «худо», ұйғырша – «худа», түркменше – «худай», татарша – «ходай», қарақалпақша – «қудай» деп аталады. Башқұрт, қарашай-балқар тілдерінде алла, құдай, тәңірі сөзі «алла, аллах» деп аталады.

Құдай сөзі араб тілінен енген «тағала» сөзімен тіркесіп, «Құдай тағала» түрінде де кездеседі. Сөздікте: Құдай тағала – құдай, тәңір жаратқан, жасаған; алла тағала сөздерінің баламасы [3, VI, 428 б.].

Сөздікте: Алла – құдай, тәңірі сөздерінің баламасы, мифологиялық түсінік бойынша бүкіл дүниені, адамзатты, жан-жануарды жаратушы ие [3, I, 227 б.]. Бұл сөз қазақ тіліне ислам дінінің таралуымен байланысты арабтардан ауысқан. Арабша-орысша сөздікте: Араб тілінде аллах /бог, аллах/ құдай, алла дегенді білдіреді [8, 48 б.]. Алла сөзі – ұйғырша, татарша, түркменше, башқұртша, қарақалпақ тілінде «алла» деп аталса, қарашай-балқар тілінде

«аллах», өзбек тілінде – «оллох» деп аталады. Құранда: Алла «қайырымды», «ақылды», «дана», «жасаған дүниенің билігін қолында ұстаған» деген эпитеттермен суреттеледі. Кейде алла сөзіне «тағала» тұлғасы қосарланып, «алла тағала» деп те айтылады.

Сөздікте: «Тағала» сөзі де араб тілінен ауысқан, ал мағынасы – «тәңір, құдай, жаратқан» дегенді білдіреді [3, I, 227 б.]. Яғни діни түсінік бойынша «бүкіл дүниені, адамзатты жаратушы» деген мағынада жұмсалады. Тағала сөзі көбінесе құдай, алла, хақ сөздерімен тіркесіп айтылады: алла тағала, құдай тағала, хақ тағала.

Сөздікте: Тәңір – көне түркі сөзі. Бірінші мағынасы құдай, алла тағала, құдірет дегенді білдіретін діни сөз [3, 66 б.]. Ежелгі түркі ескерткіштер тілін зерттеуші А. Махмұтов «тәңірі» сөзі түркі орхон жазуларында көк/аспан және құдай деген ұғымды білдіретінін көрсетеді [1, 8 б.].

Көне түркі сөздігінде таңғи (тәңір): 1. аспан; 2. құдай; 3. тәңірілік, 4. әмірші (билеуші), мырза. Осы мағыналардың парадигмасынан көрініп тұрғандай, ежелгі түркілердің дүниетанымында кеңістіктің жоғары (үстем) бөлігі аспан, құдай, мырза, адам тағдыры мен өмірлерінің әміршісі ретінде қабылданған. Ежелгі түркі қағандары аспаннан жаралған деп аталды: «Тәңір текті Тәңірден жаратылған түркі Білге қаған бөдке/тақ иесіне отырдым» [9, 206 б.].

«Тәңірі» сөзінің синонимдері – алла, құдай, құдірет, жаппар, жаратқан, жаратушы, жасаған, жасаған ием, ие, раббы, хақ. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей, яғни өзара мәндес сөздер. Тәңірі сөзі – қырғыз тілінде – «тенир», ұйғырша – «тәңри», өзбекше – «тангри», татарша – «тенре», қарақалпақ тілінде – «тенир» деп аталады.

М. Қашқари сөздігінде тәңірі сөзінің 1) «құдай»; 2) «аспан»; 3) «ұлы» деген үш түрлі мағынасы берілген [9, 87 б.]. Ал В. Радлов сөздігінде тәңірі сөзі үш түрлі таңбаланады: таңры, таңгры және тәңірі. Бұның алғашқы екеуі неміс тілінде Gott «құдай» деген бір ғана мағынамен, ал көне түркінің тәңірісі әрі «der Himmel (аспан)», әрі «Gott (құдай)» деп аударылған [10, 24 б.].

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Құдірет – құдай, алла, тәңір, жасаған, жаратушы дегенді білдіретін араб сөзі [3, 434 б.]. Құдірет сөзі «әмір», «алла» және «құда», «құдай» сөздерімен тіркесіп «әмір құдірет», «құдірет алла», «құданың құдіреті», «құдайдың құдіреті» деген тіркестері жасалады. Әмір құдірет – құдай, алла, тәңір деген мағынада. Жаппар – діни ұғым бойынша бар әлемді жаратушы, құдіретті күш [3, III, 682 б.]. Жаратқан – діни ұғым бойынша, бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі; құдай, тәңір, жасаған, жаратушы [3, III, 682 б.]. Жаратқан сөзі «жалғыз», «алла», «құдай», «бір құдай», «жаппар», «ием», «тәңір» сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, «жаратқан алла», «жаратқан жалғыз алла», «жаратқан құдай», «жаратқан бір құдай», «жаратқан жаппар құдай», «жаратқан ием», «жаратқан

тәңір» деген тіркестер жасауға қатысады. Осындай тіркестерінің мағынасы «жаратушы құдай, тәңір, аллатағала, жасаған ие» деген мағынада жұмсалады. Жаратушы – діни ұғым бойынша, бар әлемді жасаушы ұлы күш, күдірет иесі [3, VI, 682 б.]. Жаратушы сөзінен «жаратушы бір құдай», «жаратушы жалғыз», «жаратушы жаратты» сөз тіркестері туындаған. Жасаған – құдай, алла, тәңір, жаратушы деген мағынаны білдіреді [3, 250 б.]. Жасаған сөзі «алла», «құдай», «ие», «ием», «тәңір» сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, «жасаған алла», «жасаған құдай», «жасаған ие», «жасаған ием», «жасаған тәңір» деген тіркестер жасауға қатысады. Ие – бүкіл дүниенің қожасы, жаратушысы, құдай деген сөз [3, 250 б.]. Ие сөзі «жаратқан», «жасаған», «тәңір» сөздерімен тіркесіп, «жаратқан ие, «жасаған ие», «тәңір ием» деген сөз тіркестері жасалып, «алла, жаратушы, жасаған, құдай» деген мағынада жұмсалады. Раббы – құдай, алла, тәңір, жаратушы деген мағынаны білдіреді [3, 250 б.]. Хақ – діни ұғым бойынша дүниені жаратқан алла тағала, құдай, тәңірі, жаратушы [11, 707 б.]. Хақтың жазуы, хақ дидарын көрді, хақ жаратты, хақ жаратқан құдай, хақ жаратқан тағала, хақ салған жол, хақ тағала, хақ тағала құдайы, хақ жарады, хаққа тапсырды, хақтың үйі, хақтың ісі, т.б. сияқты тұрақты тіркестер көбінесе эпостық жырларда кездеседі. Хақ культтік сөзі «тағала», «жаратқан құдай», «жаратқан тағала» сөздерімен тіркесіп, «Хақ жаратқан құдай», «Хақ жаратқан тағала» деген фразалар жасап, «құдай, алла, тәңірі, жаратушы ием» деген мағына білдіреді. Хақ тағала – жаратушы құдай, алла, тәңірі деген көнерген сөз.

Жинастырған деректер жиынтығы бойынша «Құдай» сөзінің синонимі «Күдірет», «Хақ», «Раббы», «Жаппар», «Жасаған», «Жаратқан», «Ием» лексемаларының тіркелген мағыналарынан абстрактілі, материалдық емес, рухани ақпараттық ұғымдық аясын, қабатын құрайды.

В. Радлов сөздігінде жаратқан сөзінің синонимі - қайрақан сөзі Сібір түркілерінде (алтайлықтарда, тувалықтарда, телеуіттерде т.б.) «жаратқан иенің қастерлі аты, жебеуші періште» деген мағынаны білдіреді [10, 22 б.]. «Осы анықтаманы Л. Будагов те береді. Сөйтіп, тау-тас сияқты табиғат күштерінің «иесінің» атауы ретінде, яғни табынатын, сыйынатын, қорқатын «тәңірлердің» аты қатарында қайрақан / қайраған сөзі ертедегі қазақтардың да, дәлірек айтсақ, қазақтарды құраған ру-тайпалардың да тілінде жұмсалған деген тұжырымға келуге болады», – дейді академик Р. Сыздық [12, 111 б.].

Демек, «Құдай» концептісінің бірнеше синонимдерінің қазақ және қырғыз, өзбек, татар тілдерінің лексикографиялық деректерінде тіркелген мағыналардың ұқсастықтарын байқадық. Төрт тілде де Құдай сөзінің мағынасын түсіндіруде «Құдай, тәңірі, алла» деген мағынасы қатар айтылады, төрт тілдегі лексемалар мағыналарының ұқсастығы жағынан төрт халықтың ұғымдық, дүниетанымдық ерекшеліктерін аңғартады.



Қарастырылып отырған «Құдай, алла, тәңірі» культтік сөздері араб тілінен енген «күдірет, жаппар, хақ» сөздерімен көбінесе тіркесіп қолданылады. Жаратқан, жаратушы, жаппар, жасаған, жасаған ием, ие дегендер – алла, тәңір, құдай сөздерінің қазақша баламасы, синонимдес сөздер. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей. Олар да «бар әлемді жасаушы ұлы күш, күдірет иесі, яғни құдай, алла, тәңір, жаратушы» деген мағынада жұмсалады.

«Жаратушы күштер» концептісі ономастикалық лексикада – антропонимдерде көрінеді. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық, әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Кез келген халықтың антропонимиясында жалқы есімдер адам баласы туа салысымен беріледі, олар дүние туралы білімді толықтырады, өзінің аялық семантикасында ерге, әйелге тән тұжырымдық ұлттық дүниетанымды, мәдени-әлеуметтік құбылыстарды бейнелейді. Кісі есімдері халықтың дүниетанымына, мәдени-әлеуметтік құбылыстарға, тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына байланысты танылатын ұғымдармен уәждеделі. Қазақтардың көптеген жалқы есімдері табиғат құбылыстармен, аң-құс, жан-жануарлармен, жер-су, жеміс-жидек, асыл металдармен байланыстырып қойылатын есімдер де көп кездеседі.

Түркі халықтарында, соның ішінде қазақ тілінде «Құдай, Алла, Тәңірі» лексемаларына қосымшалар жалғану арқылы жасалған тек адам есімдері ғана кездеседі. Мысалы, «Алла», «Құдай», «Тәңірі», «Жасаған», «Жаппар» сияқты культтік лексемалар негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «берді», «берген» деген етістіктермен тіркесіп келіп Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді сияқты кісі есімдері жасалады. Қазақ халқының ұғымында бұл атаулардың сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, мағынасы мен мәні бір. Бұл культтік сөздердің астарында «құдай берді», «құдай бере салды» деген танымдық түсінік жатыр.

Дәл осындай ұқсастық қырғыз және түркі-татардың тілдерінің ономастикалық лексикасында «Құдай, Алла, Тәңір» лексемаларымен байланысқан есімдер де кездеседі. Қырғыз тілінде: Алдаберди, Тенирберди, Кудайберди, түркі-татарлардың тілінде: Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Кудайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңрегулов деген есімдері қойылады.

Жоғарыда келтірілген түркі тілдеріндегі адам есімдерінің қойылу мағыналары жағынан ортақ ұғымдық дүниетанымдық байланыс бар екенін аңғардық. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей. Ал өзбек тілінің ономастикалық лексикасынан «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік лексемаларымен байланысқан есімдерді кездестірмедік.

Культтік лексемалардың бейнелілік компоненттері қазақ, қырғыз тілдік санасында ортақ болып келсе, символикалық бөліктерде әр халықтың танымында өзіндік ерекшеліктері байқалды. Культтік фразеологизмдер – тілді жасаушы халықтың бір кездердегі ой-санасының, жан-дүниесінің сәулесі іспетті. Сондықтан халықтың дүниеге көзқарасы, көңіл-күйі, алғысы мен қарғысы, қуанышы мен реніші, көз жасы мен қорқынышы, тілегі, батасы – бәрі сол халықтың қоғамдық өмірімен тығыз байланысты [13, 92 б.]. Сондықтан өзіндік ұзақ тарихы бар мұндай тұрақты сөз тіркестері әдеби тілімізге тарихи материал бола алады.

### Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, «Жартушы күштер» концептісі лексикалық бірлік бойында сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі арқылы жинақталған аялық білімнің молдылығын, халық дүниетанымында алатын орнының ерекше екендігін танытады. Түркі тілдерінің лексикографиялық материалдары негізінде қазақ және қырғыз тілдеріндегі культ лексемасының ұғымдық, дүниетанымдық ерекшеліктері анықталды.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Махмутов, А.** Архаизмы и историзмы в казахском языке : Автореф. дисс. ... канд. филол. наук [Текст]. – Алматы. : 1963. – 20 с.

2 **Рустемов, А. З.** Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. – Алматы, 1989. – 175 б.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Ғылым, 1974–1986. – Т. I – X.

4 Персидско-русский словарь. / Под ред. Ю. А. Рубинчика. М. : Советская Энциклопедия, 1970. – 784 с.; Т. 1. – 1983. – 579 с.

5 Русско-киргизский словарь. / Под ред. К. К. Юдахин. М., – 1957. – 990 с.

6 Русско-узбекский словарь = Русча-узбекча лугат / Институт языка и литературы имени А. С. Пушкина. – Ташкент. С. Ф. Акабиров и др. – 1955. – 734 с.

7 Русско-татарский словарь. – М. : Рус.яз., 1991. – 736 с.

8 Арабско-русский словарь. / Сост. Баранов Х. К. – М. : Госиздат, 1970. – 948 с.

9 Древнетюркский словарь. – Л. : Наука, 1969. – 676 с.

10 Опыт словаря тюркских наречий. / Радлов В.В. СПб, 1893. Т. 3. – 1047–1048 с.

11 Қазақ тілінің сөздігі. / Жалпы ред. бас. Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

12 **Сыздықова, Р.** Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 272 б.

13 **Рысбаева, Г. Қ.** Түркі тілдеріндегі «тәңірі» сөзінен туындаған культтік фразеологизмдер [Текст] // «Журнал ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы». – А., 2003. – № 4. 92–94 б.

## References

1 **Mahmýtov, A.** Qazaq tilindegi arhaızmdar men tarıhızmdar. [Archaisms and historisms in the Kazakh language] [Text] In Abstract. diss. ... cand. philol. sciences. – Almaty, 1963. – 20 p.

2 **Rústemov, A. 3.** Arab-ıran kirme sózderiniń qazaqsha-oryssha túsindirme sózdigi. [Kazakh-Russian explanatory dictionary of Arabic-Iranian borrowed words] [Text]. – Almaty, 1989. – 175 p.

3 Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi. [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. [Text] – Almaty : Gylym, 1974–1986. – T. I–X.

4 Parsy-orys sózdigi. [Persian-Russian dictionary] [Text] Edited by Y. A. Rubinchik. – Moscow : Soviet Encyclopedia, 1970. 784 p.; Vol. 1. – 1983. – 579 p.

5 Orys-qyrgyız sózdigi. [Russian-Kyrgyz dictionary] [Text] Edited by K. K. Yudakhin. – Moscow, 1957. – 990 p.

6 Orys-ózbek sózdigi = Orys-ózbek lıgat [Russian-Uzbek dictionary = Ruscha-uzbekcha lugat] [Text]. In Pushkin Institute of language and literature. – Tashkent : S. F. Akabirov, et al. – 1955. – 734 p.

7 Orys-tatar sózdigi [Russian-Tatar dictionary] [Text]. – Moscow: Rus. yaz., 1991. – 736 p.

8 Arab-orys sózdigi. [Arabic-Russian dictionary] [Text] In Comp. Baranov Kh. K. – Moscow : State Publishing House, 1970. – 948 p.

9 Kóne túrki sózdigi. [Ancient Turkic dictionary] [Text]. - L.: Nauka, 1969. - 676 p.

10 Túrki dialektileriniń sózdik tájirbesi. [Experience of the dictionary of Turkic dialects] [Text]. Ed. Radlov V. V. – St. Petersburg, 1893. – Vol. 3. – 1047–1048 p.

11 Qazaq tiliniń sózdigi [Dictionary of the Kazakh language] [Text]. General ed. head. T. Zhanuzakov. – Almaty : Daik-Press, 1999. – 776 p.

12 **Syzdyqova, R.** Sózder aitady [Words speak] [Text]. - Almaty, 1994. – 272 p.

13 **Rysbayeva, G. Q.** Túrki tilderindegi «táñiri» sózinen týndağan kulttik frazeologizmdar [Cult phraseology in Turkic languages caused by the word «Tengri»] [Text] In Journal Bulletin of KazNU. Philological series. – A., 2003. No. 4. – P. 92–94.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

<sup>1</sup>Г. К. Рысбаева, <sup>2</sup>Р. А. Досжан, <sup>3</sup>Ж. Т. Исаева,

<sup>4</sup>Г. Ж. Тунгушбаева, <sup>5</sup>С. А. Алиева

### **Языковые структуры связанные с понятием «Сверхъестественная сила»**

<sup>1</sup>Университет Нур-Мубарак, Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2</sup>Региональный социально-инновационный университет,  
Республика Казахстан, г. Шымкент;

<sup>3</sup>Казахский национальный медицинский университет имени  
С. Д. Асфендиярова, Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>4</sup>Каспийский общественный университет,  
Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>5</sup>Казахская академия транспорта и коммуникаций имени М. Тынышбаева,  
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

*В данной статье рассматриваются концепты относительно культовой лексики «Сверхъестественные силы» в лексикографическом описании дела. Семантическое поле концепта «Сверхъестественные силы» состоит из лексем «Бог», «Аллах», «Божество», «Всемогущий», «Создатель», «Господь», «Всевышний» и т.д. Концепт «Сверхъестественные силы» в аномалистическом лексике – видится в антропониме. В аномалистическом лексике казахском, киргизском и татарско-турецком языках лексемы связанные с именами «Бог, Аллах, Создатель». Если в языковом сознании культовая лексема образных компонентов совместны, то в символической части в познании нации некоторые очевидные различия. Культовые фразеологизмы – в создатели языка нации когда-то вели разумное понимание, также лучезарно на подобию внутреннего мира.*

*Ключевые слова: сверхъестественные силы, понятие, Бог, Аллах, Божественный, Всемогущий, Творец, Господь, ономастика, антропонимы, культовые лексемы, религиозные идиомы.*

<sup>1</sup>G. K. Rysbayeva, <sup>2</sup>R. A. Doszhan, <sup>3</sup>Zh. T. Issayeva,

<sup>4</sup>G. Zh. Tungushbayeva, <sup>5</sup>S. A. Aliyeva

### **Language structures associated with the concept «Supernatural forces»**

<sup>1</sup>Nur-Mubarak University, Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>Regional Social-Innovational University,  
Republic of Kazakhstan, Shymken;

<sup>3</sup>Kazakh National Medical University named after S. D. Asfendiyarov  
Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>4</sup>Caspian public University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>5</sup>Kazakh Academy of Transport and Communications named after

M. Tynyshpaev Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 18.09.20.

*In this article discusses the concepts of relative religious token «Supernatural forces» in lexicographical description of the case. The semantic field of the concept «Supernatural forces» consists of lexemes like, «God», «Allah», «Divine», «Almighty», «Creator,» «Lord,» «Almighty,» etc. The concept of «Supernatural forces» in Anomalistic lexicon - is seen in Anthroponims. In Anomalistic vocabulary Kazakh, Kyrgyz and Tatar-Turkish languages associated with the names «God, Allah, the Creator.» If the language consciousness cult lexemes shaped components together, in a symbolic part in the knowledge of the nation some obvious difference. Religious idioms - the creators of the language in the nation once led a reasonable understanding also radiantly on the similarity of the inner world.*

*Keywords: supernatural forces, concept, God, Allah, Divine, Almighty, Creator, Lord, onmastics, anthroponomy, cult lexemes, religious idioms.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)